



Бекітілді
№10 «Қулышпак» бөбекжай
директоры: у.м.я. С.М.Нсанбаева
№1 педагогикалық кеңес шешімі
31.08.2023ж

2023-2024 оқу жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде мектеп алды топ балаларына арналған қазақ тілінен перспективалық жоспар

Даму дағдылары	Ұйымдас тырылған іс-әрекет	Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Қазақ тілі	Қыркүйек айы	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. (Қазақ халқының тұрмыстық заттары). Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы) Сөздік қор. Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп) Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы)ажырату. Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.
		Қазан айы	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. (Қазақ халқының киім-кешегі). Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы) Сөздік қор. Егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру. Азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздермен толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша (хабарлы) сөйлемдерді ажыратып сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету.

		Қараша айы	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, мал өсіруде қажетті құрал-жабдықтардың атауын атай білуге үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың (басы, ортасы, соңы) орнын анықтауға үйрету. Сөздік қор. Мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға) сөздермен толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (сұраулы) сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге үйрету.
		Желтоқсан айы	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қысқы әсем табиғатынан әсер алуға баулу. (сипаттау). Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың (басы, ортасы, соңы) орнын анықтауға жаттықтыру. Сөздік қор. аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы) сөздермен толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу.

		Қаңтар айы	Тілдік дамытушы орта. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың (басы, ортасы, соңы) орнын анықтауға жаттықтыру. Сөздік қор. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша лепті сөйлемдерді ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.
		Ақпан айы	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамытуды жалғастыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айту дағдыларын жетілдіру. Сөздік қор. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу жұмыстарын жалғастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіруді жалғастыру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.

		Наурыз айы	Тілдік дамытушы орта. туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру. Сөздік қор. Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.
		Сәуір айы	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамытуда балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру бағытында егіншілікке қажетті құрал жабдықтары туралы сөздермен толықтыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, және осы дыбыстардан тұратын сөздер арқылы сөйлем құрастыру дағдыларын жетілдіру. Сөздік қор. егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыра отырып өз ойларын жеткізуге баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату дағдыларын нақтылай отырып, сөйлегенде қолдана білуін бақылау. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндігін байқау. Байланыстырып сөйлеу. Тындалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беру, шығарманы рөлдерге бөліп сомдау, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізу барысында баланың өзіндікшығармашылығын көрсетуге мүмкіндік беру.

		Мамыр айы	Тілдік дамытушы орта. қоршаған ортаға өзінің қарым қатынасын білдіреді; Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолданады; қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ұ, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстарының дыбыстық мәдениетін меңгереді. Сөздік қор. сөздерді дұрыс айтады; Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолданады және түсінеді, оларды сөйлегенде белсенді қолданады. Тілдің грамматикалық құрылымы сөздегі дыбыстардың орнын ажыратады; Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана біледі. Байланыстырып сөйлеу. өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге тырысады, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдайды; әңгімелесушіге сұрақтарды дұрыс қояды, оған қысқа және толық нақты жауап береді; таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтады; тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен, жүйелі түрде жеткізеді; кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен береді; шығарманы рөлдерге бөліп сомдайды, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізеді; тыңдалған шығарманы еркін талқылауға қатысады; бір-бірімен еркін диалог құрады; өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады; ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттайды
--	--	-----------	--